

тарапы
қол
белгісі

Алғысөз немесе Шейх Ахмет Таразидің «Көркем сөз өнері» туралы

Көпшілік қауымның жадында деп ойлаймын, 2002 жылы Елбасының қамқорлығы мен тікелей қолдауының арқасында көне шаһар Тараздың 2000 жылдық мерейтойы халықаралық деңгейде атап өтіліп, егемен еліміздің өміріндегі зор тарихи әрі мәдени оқиғаға болып есте қалды. Осы кезде мен Жамбыл облысы әкімінің орынбасары ретінде қаланың 2000 жылдығына әзірлік және оны өткізу жөніндегі облыстық комиссияның жұмысына төрағалық еттім. Мен үшін бұл пешенеме бұйырған аса жауапты да естен кетпес жарқын кезең болды.

Мерейтойдың ең басты жетістіктерінің бірі – қазақ тарихына, Тараз тарихына қатысты әдеби, ғылыми еңбектердің жарыққа шығарылуында еді. Мұның өзі ел мәдениетін өркендетуге қосылған елеулі үлес болды. Қайбір дәуірлерде ғылым, білім, әдебиет өкілдері Тараздың тумасы екенін, сол шаһарда тұрып жатқанын мәртебе санаған. Бұған көрнекті ғалым Әбсаттар Дербісәлі жұртшылыққа жария етіп келе жатқан әр ғасырлардағы Таразилер куә. Осы тұста біз де хал-қадерімізше бірқатар зиялы қауым өкілдерін Таразда тұрақтатуға қаракет қылдық. Бұл академик Мекемтас Мырзахметов, ғалым Ислам Жеменей, бірқатар жергілікті қаламгерлер үшін Тараз таңы нұр беріп, өндіріп жазған жемісті жылдар болды десек артық айтпағандық болар еді. Нәтижесінде жарық көрген әдеби, ғылыми, тарихи дүниелер әдебиетімізге, мәдениетімізге, тарихымызға үлкен үлес болып қосылды, ол өз алдына бөлек әңгіме.

Тараз тойы қарсаңында Астанаға, Әбіш Кекілбаев ағамызға хабарласып, көне шаһар туралы жазып беруіне қолқа салдым, ұсынысымды құп көргенін даналығы, даралығы деп білдім, әр нәрсеге байыппен, пайыммен қарайтын заңғар жазушының «Талайғы Тараз» туындысы осылайша дүниеге келді.

Осы мерейтой шеңберінде жарық көрген білімдар ғалым, қарымды қаламгер Жанғара Дәдебаевтың «Атыңнан айналайын», тарихшы-жазушы, журналист Бақтияр Әбілдаевтың «Тараз. Қарахан. Айша Бибі» кітаптары оқырман қауым жылы қабылдаған тұшымды дүниелер болды.

Көне Тараз мерейтойы себепкер болған тарихи жаңалықтар да бар еді. Осы айтулы оқиғаға арналған халықаралық конференцияда «Шейх Ахмет Құдайдад Тарази – ақиық ақын, ғұлама ғалым» деген тақырыпта баяндама жасадым. Бұған дейін Ахмет Таразидің есімі бүгінгі оқырманға беймәлім болатын. Сол кезде Тараз мемлекеттік университеті конференция материалдарын топтап жарыққа шығарды. Бұған қоса осы екімыңжылдыққа арнап шығарылған «Тараз. Жамбыл облысы» энциклопедиясына («Қазақ энциклопедиясы», Алматы, 2003) Шейх Ахмет Құдайдад Тарази туралы мақала бердім.

Аталмыш мерейтойға әзірлік барысында Тараз тарихына қатысты тұлғаларды іздестіргеніміз бар. Бабырдың «Мұқтасарында» атап өтілген Шейх Ахмет Тарази деген есімге назар аудардық. Оның «Фонун-әл-бәләге» деген еңбегі Англияның Оксфорд қаласындағы кітапханадан, көшірмесі Ташкенттен табылды. Сөйтіп, қолжазбаның көшірмесін Қазақстанға, алғашқы парағынан бастап жазылған жері Таразға алып келдім. Жергілікті тарихшы-жазушы Бақтияр Әбілдаев (марқұм), мәдениеттанушы Әлібек Әмзеев қасымда бірге жүрді. Түркі тілінде жазылған бұл туынды әдебиеттану, әдебиет теориясы саласындағы зор ғылыми дүние болып шықты. Оның үстіне қолға тиген өлеңдері Ахмет Таразидің аса дарынды ғалым ғана емес, өз дәуіріне танылған ақиық ақын болғандығына көз жеткізеді.

Шейх Ахмет Таразидің «Көркем сөз өнері («Фонун-әл-бәләге») еңбегі хижра бойынша 840 жылы, яғни XV ғасырдың бірінші жартысында, 1436 – 1437 жылдары жазылған. Өзі Таразда өмір сүрген ғалым сол замандағы шығыс оқымыстыларымен,

шайырларымен пікірлес, сыйлас болған. Мауреннаһрды билеп тұрған Ұлықбекпен достық қатынас ұстаған, оны ғалым, қаламгер, әмір ретінде құрметтеген, сондықтан да аталмыш еңбегін соған арнайтынын жазады.

«Көркем сөз өнерінде» белгілі, белгісіз есімдер, біз үшін тың деректер, оған қоса парсы тіліндегі мәтіндер, қиталар да кездеседі. Мұның өзі оның бірқатар тілдерді меңгергендігін, өз дәуіріндегі және оған дейінгі әдебиетті терең білгендігін көрсетеді.

Алматыдан Таразға көшіп келуіне өзім себепкер болған, парсы, көне түркі тілдерінің үлкен білгірі, белгілі ғалым Ислам Жеменеймен бірге аталмыш еңбекті біраз уақыт бедерінде шама-шарқымызша қазақшаладық, бірімізді біріміз толықтырып отырдық.

«Көркем сөз өнерінің» қазақша қысқартылған нұсқасын тұңғыш рет республикалық «Дала мен қала» газетінде (2007 жылғы қыркүйек, № 35-40) жарияладық. Бұл Шейх Ахмет Құдайдад Тарази еңбегінің алты ғасырдай уақыт өткеннен соң, қолда бар мәлімет бойынша, алғашқы жарық көруі еді. «Көркем сөз өнері» кейіннен, 2011 жылы өзбек ғалымы Абдулгадир Хайтметовтің алғысөзімен «Өзбек тілі мен әдебиеті» журналында жарияланды. 2013 жылы И. Жеменей өз тарапынан біздің бірлескен аудармамызды баспадан шығарып көруге қаракет еткен, бірақ өзінің айтуынша мұны сынамалық тәжірибелік таратылым деп қана тану керек. Ал аталмыш трактаттың өзара келісіліп, бірге пысықталып, көпшілік қауымға АҚ «Алматы-Болашақ» баспасы арқылы ұсынылып отырған осы нұсқасы бұл еңбектің алғашқы кітаби басылымы болып табылады.

Шейх Ахмет Таразидің осы рисаласы түрік халықтары тіліндегі өлең теориясы туралы жазылған алғашқы зерттеушілік-талдамалық еңбек. Аталмыш трактаттың мазмұны көркем сөз – өлең жүйесі туралы, ұйқас және рәдифті ұйқас, жалпы өлең өнері, әрі ғаруз (аруз) өлең уәзіндеріне арналған мысалдармен ғылыми талданып, анықтамалары берілген. Бұл еңбекте автор парсы – тәжік классиктерімен қатар өзімен замандас түркі тілдес шайырлардың да шығармаларынан үзінділер, өлең жолдарын келтірген. Мұның өзі түркі ғылым, әдебиет тарихының тереңірек тамыр жайғанын айғақтайды. Ғалымның бұл еңбегі түркі

(шағатай) тілінде жазылған. XV ғасырдың бірінші жартысында Мауераннахрда әдеби өмір қайнап жатқан кезде түркі тілімен парсы тілі қатар жаппай өріс алды. Шейх Ахмет Таразидан біраз кейін қазақ ғалымы, ұлы тарихшы Мұхаммед Қайдар Дулат (1499 – 1551) өзінің әйгілі әдеби тарихи еңбегі – «Тарих-и Рашиди» кітабын парсы тілінде, ал «Жаһаннама» дастанын сол уақытта түркі халықтарына тән ортақ шағатай тілінде жазды. Мұның өзі екі тілдің, яғни түркі мен парсы тілдері Мауераннахр мен Хорасан аймағында аралас-құралас болғанын байқатады. Сондықтан, қазақ даласы да екі тілдің ықпалынан тыс қалмады. Соның салдарынан қазақ топырағынан шыққан шайырлар, ғалымдар мен ойшылдар түркілер мен парсылардың әдебиетіне, мәдениетіне, тіліне бірдей мән беріп, қоғам өміріне жете көңіл бөлді, тілдік ерекшеліктерін зерттеп отырды.

Шейх Ахмет Тарази көптеген мысалдармен «бәлаге» – көркем сөз өнерінің, яғни өлеңнің қыр-сырын ашуға тырысады. Түркі өлеңдерін парсы поэзиясының уәзіндерімен салыстыра отырып сарапқа салады. Танылған өлең түрлері мен өлең өлшемдерін (уәзіндерін) айрықша назарда ұстайды. Тарази өз еңбегінде сөз өнері турасында былай деген: «Тіл – адамзатқа тән, әрбір адамның көңілі мағыналы сөзді қалайды. Мағыналы сөз көңілге қонымды келеді. Сонда көңіл мен сөз ажырамас болар. Бұл азаматтың қастерлі сезімі шеңберінде болмақ, одан тысқары емес. Ғалымдар «сөздің екі түрі бар, бірі – қара сөз (нәсір), екіншісі – өлең (нәзім) деп бөлуді жөн көрген».

Шейх Ахмет Тарази өзінен бұрын және кейін өмір кешкен ғалымдар сияқты Аллаға иманы кәміл және ислам жолына бас иген ойшылдар қатарына жатады. Бұл пікірімізді ғалымның мынадай сөздері қуаттайды: «Алла тағалаға шүкір, өйткені адамзаттың болмысына қараңғылықтан жарық сәуле көре білу үшін, қиыншылықтардың түйінін шеше білу үшін көре алатындай және түсіне білетіндей күш берген. Әрі сөзбен ішкі жан дүниесінің ұғымдарын хашида тәсілімен (қағаз беттеріне түсіріп) көркем түрде әр түрлі қырынан баян ете алады. Бұның бәрі – шүкіршілікке тұрар тарту». Сөзден артық гауһар болғанда, ол сөздің қай жағында тұрар ед, – деп өз ойын бір шумақ өлеңге арқау етеді. Шейх Ахмет Тарази Алла тағалаға тіл бергені үшін, әрі тілге сөйлеу құдіретін сыйлағаны үшін шексіз алғысын айтып,

шүкір еткен соң, мұны сол заманның даналарының бойына дарыған біліммен қатар имандылықтың үлгісі деп білсек болар.

Шейх Ахмет Таразидің «Фонун әл-бәлағе» еңбегі бес тараудан тұрады. Бұл – парсы мен түркі әдебиетінің теориясын екі тілдегі көптеген өлең жолдарын мысалға келтіре отырып, егжей-тегжейлі айқындауды мақсат еткен аса құнды зерттеу жұмысы, талдауларымен қатар шығыс әдебиетінен мол мағлұмат беретін теңдессіз туынды.

Айта кетерлік бір мәселе, бұл кітапта автор мысалға келтірген өлең жолдарының (тармақтардың) негізінен сөзбе-сөз аудармасын бере отырып, мазмұнына сәйкестендіруге ұмтылды. Әйтсе де өлең мәтіні толық келтірілмегендіктен оның мазмұн-мағынасын дәл табу мүмкін бола бермейді. Шейх Ахмет Тарази атап өткен шығыс шайырларының мысалға алынған өлеңдерінің толық мәтінін табу, түгелдеу, аудару өз алдына үлкен жұмыс болмақ. Бұл алдағы уақыттың шаруасы, оған әдебиеттанушы, әдебиет зерттеуші қауым атсалысса құба-құп.

Кенесбек Демеш